



ӘСКЕРИ ЗАҢДЕР

№11 (105) - қараша/ноябрь 2025 жыл/года

ГАЗЕТ 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 2017 ГОДА


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ГАЗЕТ

СЛУЖИТЬ
БЕЗОПАСНО



СТР. 2

ҚАЗАҚСТАН
ӘСКЕРІНДЕГІ
ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ



4 БЕТ

12 САРБАЗ
БІЛІМ
ГРАНТЫНА
ИЕ БОЛДЫ



7 БЕТ

СЛЕДОВАТЬ ПУТЕМ ЗАКОННОСТИ

В ВОЕННОМ ИНСТИТУТЕ СУХОПУТНЫХ ВОЙСК ИМЕНИ САГАДАТА НУРМАГАМБЕТОВА СОСТОЯЛОСЬ ВЫЕЗДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КОМИССИИ МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ЗАМЕСТИТЕЛЯ МИНИСТРА ОБОРОНЫ ПО ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЕ ВИЦЕ-АДМИРАЛА СЕРИКА БУРАМБАЕВА.



В заседании участвовали начальники юридического департамента, главного управления военной полиции, департаментов организационно-мобилизационной работы, экономики и финансов, командующие Войсками противовоздушной обороны, Десантно-штурмовыми войсками и командиры частей Алматинского регионального гарнизона. В формате видеоконференц-связи приняли участие главнокомандующие видов Вооруженных

Сил, руководители департаментов по делам обороны.

С учетом важности взаимодействия в этом вопросе на заседание были приглашены представители Службы по противодействию коррупции Комитета национальной безопасности и военный прокурор Алматинского регионального гарнизона.

Участникам встречи был продемонстрирован социальный ролик, ими были заслушаны доклады

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ



командиров воинских частей и руководителей учреждений оборонного ведомства. Должностные лица отчитались о проделанной работе и доложили о мерах, принимаемых по снижению коррупционных рисков и недопущению правонарушений.

Вице-адмирал Серик Бурамбаев подчеркнул особую важность реализации антикоррупционной стратегии государства, акцентировав внимание на необходимости строгого соблюдения законности, повышения персональной ответственности должностных лиц за принимаемые решения и усиления воспитательной работы среди личного состава.

– Борьба с коррупцией – это не только

пресечение правонарушений, но и системная работа по формированию устойчивых морально-нравственных ориентиров у каждого военнослужащего, – заявил он. – Мы должны прививать чувство воинского долга, чести, верности присяге и абсолютную нетерпимость к любым правонарушениям. Только так мы сможем обеспечить чистоту рядов Вооруженных Сил и укрепить доверие народа к армии.

По итогам заседания был поставлен ряд конкретных задач по дальнейшему совершенствованию антикоррупционной деятельности, внедрению новых механизмов предотвращения коррупционных рисков и укреплению правовой культуры военнослужащих.



СЛУЖИТЬ БЕЗОПАСНО

В АСТАНЕ ДЕЛЕГАЦИЯ СЕНАТА ПАРЛАМЕНТА ВО ГЛАВЕ С ПРЕДСЕДАТЕЛЕМ КОМИТЕТА ПО МЕЖДУНАРОДНЫМ ОТНОШЕНИЯМ, ОБОРОНЕ И БЕЗОПАСНОСТИ АНДРЕЕМ ЛУКИНЫМ ПОСЕТИЛА ОДНУ ИЗ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ И ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ.

В бригаде особого назначения сенаторы ознакомились с условиями, созданными для прохождения воинской службы, организацией быта и досуга солдат. Столичная часть недавно пополнилась более чем 200 новобранцами, с которыми проводится работа по адаптации к новым условиям.

Депутатам рассказали об организации психолого-профилактической работы в части, практике телесных осмотров солдат и представили систему видеонаблюдения в казарменных помещениях. Сенаторы увидели, как проводится общение солдат с семьями посредством видеосервиса «Отбасымен бейнеқоңырау».

Член Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности Сената Сергей Ершов отметил позитивные изменения в работе с молодым пополнением.

– Мы увидели, как организована воспитательная работа с новобранцами с первого дня их попадания в казармы. Все на четком контроле – от режима питания до быта солдат. Самое важное в армии – воинская дисциплина. Там, где она налажена, есть порядок и понимание требований, – сказал Сергей Ершов.

В Главном управлении военной полиции сенаторы ознакомились с учебно-материальной базой. Им представили образцы



вооружения и военной техники, форменной одежды и экипировки. Был также продемонстрирован эпизод работы специалистов кинологической службы со служебными собаками по поиску запрещенных веществ.

Депутаты изучили действующую систему мониторинга подвижных объектов, организацию работы гауптвахты и ознакомились с процедурой психофизиологического исследования военнослужащих.

Председатель комитета Сената Андрей Лукин отметил, что такие встречи помогают увидеть практическую реализацию законодательных норм, направленных на развитие Вооруженных Сил, профилактику

правонарушений среди военнослужащих и повышение качества отбора молодого пополнения.

– Действительно, в армии проводится большая и системная работа, направленная на повышение престижа воинской службы. Акцент делается на прозрачность и открытость, что повышает доверие общества к армии и способствует укреплению дисциплины, – подчеркнул он.

Визит сенаторов стал частью системной работы по повышению прозрачности и укреплению взаимодействия между Вооруженными Силами и представителями законодательной власти.



В ПОРЯДКЕ ЗАКОНА

ГЛАВНАЯ ВОЕННАЯ ПРОКУРАТУРА ПРОАНАЛИЗИРОВАЛА ЗАКОННОСТЬ И ОБОСНОВАННОСТЬ РАСХОДОВ НА АРЕНДУ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ВАГОНОВ, ИСПОЛЪЗУЕМЫХ ДЛЯ КОНВОИРОВАНИЯ ОСУЖДЕННЫХ И ЛИЦ, СОДЕРЖАЩИХСЯ ПОД СТРАЖЕЙ.

За последние пять лет стоимость услуг перевозчика увеличилась в четыре раза, что привело к существенному росту общих расходов на перевозки.

В адрес Национальной гвардии внесен акт надзора о пересмотре условий договора аренды и принятии мер по оптимизации расходов.

По результатам рассмотрения акта

Национальной гвардией приняты меры по изменению условий аренды и маршрутов перевозок, что позволило обеспечить в текущем году экономию бюджетных средств на сумму свыше 300 млн тенге.

Органы военной прокуратуры продолжают системную работу по надзору за законностью и эффективностью использования бюджетных средств.

ПРОФИЛАКТИЧЕСКАЯ РАБОТА

В ОТВЕТЕ НЕ
ТОЛЬКО ЗА СЕБЯ**ВОЕННАЯ ПОЛИЦИЯ КАРАГАНДИНСКОГО ГАРНИЗОНА УСИЛИВАЕТ ПРОФИЛАКТИЧЕСКУЮ РАБОТУ В ВОИНСКИХ ЧАСТЯХ.**

Одной из ключевых задач управления военной полиции Карагандинского регионального гарнизона является предупреждение правонарушений среди военнослужащих. В ходе итоговой проверки

за 2025 учебный год с личным составом местных органов военного управления были проведены занятия, направленные на предупреждение наркопреступности и предотвращение дорожно-транспорт-

ных происшествий.

- Во исполнение требований межведомственной программы «Закон и порядок» мы проводим комплексную профилактическую работу. Это важное направление, ведь дисциплина и законность - это основа устойчивости любой воинской структуры, - подчеркнул подполковник юстиции Бибитхан Асилханов, начальник отдела профилактики Управления военной полиции Карагандинского регионального гарнизона.

В рамках мероприятия кинолог совместно со служебной собакой провел проверку на наличие запрещенных веществ у личного состава, а также осмотрел рабочие помещения.

Кроме того, старший оперуполномоченный управления по борьбе с наркопреступностью Департамента полиции Карагандинской области подполковник полиции Бахытжан Мустафаев разъяснил военнослужащим положения законодательства в сфере противодействия наркообороту. Одновременно специалисты военного лазарета провели наркостирование военнослужащих.

Отдельное внимание уделено вопросам безопасности на дорогах. Офицер отдела военной автомобильной полиции напомнил о необходимости строгого соблюдения правил дорожного движения и мерах личной ответственности водителей за их нарушение.

- Соблюдение правил дорожного движения - это не формальность, а гарантия жизни и здоровья как самого водителя, так и окружающих. Основная причина



большинства ДТП - это человеческий фактор, то есть невнимательность, спешка или переоценка собственных возможностей. Нельзя садиться за руль уставшим, в раздраженном состоянии, тем более под воздействием алкоголя. Военнослужащий за рулем представляет не только себя, но и честь воинской части. Каждое нарушение бросает тень на весь коллектив, - отметил лейтенант Сунгат Аширалиев.

Профилактическая работа военной полиции продолжается на постоянной основе и направлена на укрепление правопорядка, повышение правовой культуры и обеспечение безопасности военнослужащих.

Фото Айдына ТОНТАЕВА

«ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚТЫ АЛДЫН
АЛУ» ОНКҮНДІГІ

БҮГІНДЕ ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ БІЗДІҢ ЕЛІМІЗ ҮШІН ДЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗЕКТІЛІГІМЕН, ӨТКІРЛІГІМЕН АЛДЫҒА ШЫҒЫП ОТЫР. ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – ОТБАСЫДА ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАС КЕЗІНДЕ БІР АДАМНЫҢ БАСҚАҒА (БАСҚАЛАРҒА) ПСИХИКАЛЫҚ, ЭМОЦИОНАЛДЫҚ, ЖЫНЫСТЫҚ ЖӘНЕ ДЕНЕ ЗАРДАБЫН КЕЛТІРЕТІН НЕМЕСЕ КЕЛТІРУ ҚАУПІ БАР ӨРЕКЕТІ. ЕЛІМІЗДІҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУҒА КЕПІЛДІК БЕРЕДІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТА ЗАҢЫНДА, ТҰРМЫСТЫҚ-ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ БІРНЕШЕ БАПТАР КӨЗДЕЛГЕН. ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 13-БАБЫНДА, 17-БАБЫНДА ЖӘНЕ 27-БАБЫНДА ӨРКІМНІҢ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТ РЕТІНДЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ, ҚАДІР ҚАСИЕТІНЕ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЕШКІМДІ АЗАПТАУҒА, ОҒАН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАУҒА, БАСҚА ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ҚОРЛАЙТЫНДАЙ ЖӘБІР КӨРСЕТУГЕ, ЖАЗАЛАУҒА БОЛМАЙТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ, НЕКЕ МЕН ОТБАСЫ, АНА, ӨКЕ, БАЛА МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОРҒАУЫНДА БОЛАТЫНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ АЙҚЫНДАЛЫП ТҰР. «ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНЫҢ 4-БАБЫНА СӘЙКЕС, ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КҮШ КӨРСЕТУ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ЖЫНЫСТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРІНДЕ БОЛАДЫ. ӨСІРЕСЕ, ӨЙЕЛДЕРГЕ, БАЛАЛАРҒА ЖАСАЛУ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШКЕ ИЕ БОЛЫП ОТЫР.



Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы

әскери колледжде «Өмірді сақта» ведомствоаралық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2025 жылы 21-30 қазан аралығында



«Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша» онкүндік өтті.

2025 жылы 30 қазан күні Әскери колледжде онкүндік аясында Тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің (әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс қызметінің) ұйымдастыруымен ҚРПИМ Орталық өңірлік әскери-тергеу басқармасының қызметкері майор Қайрат Сұлтанғазыұлы Исаков пен Ақмола өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының алдын алу бөлімінің аға офицері әділет лейтенанты Марат Қабдуалиевтің қатысуымен кездесу өткізілді. Басқарма қызметкерлері жеке құрамға «ҚР Қарулы Күштеріндегі оқиғалар мен құқық бұзушылықтардың нүктелік профилактикасы әдістемесінің» талаптарына сәйкес, «Өмірді сақта» ведомствоаралық бағдарламасындағы «Жеке құрамның бойында «Біртұтас ел – біртұтас жер» идеологиялық принципінің бекітілуіне негізделген заңға құлақ асу мінез-құлқының тұрақты моделін қалыптастыру» бағыты бойынша «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу» онкүндігін өткізудің маңыздылығы, құқық бұзушылықты алдын алу шараларын жүзеге асыруда кешенді, жүйелі және нысаналы тәсілдер қолдану және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әкелетін салдары мен қауіп жөнінде түсіндіріп, әскери қызметшілер мен азаматтық персоналдар арасында қойылған сұрақтарға нақты жауаптарын

берді. Тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімі бастығының көмекшісі (әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі) азаматтық персонал Кәмшат Бауыржанқызы Абыханова «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» атты мағыналы бейнеролик дайындап, әскери қызметшілердің отбасыларымен жүргізілген жұмыс жөнінде баяндама жасады. Баяндамашы К.Б.Абыханова ханым: «Тұрмыстық зорлық-зомбылық ғасыр дертіне айналуға жақын. Оны алдын алу, профилактикалық іс-шараларды дер кезінде ұйымдастыру оң нәтижелер әкелері сөзсіз! Сонымен қатар, отбасылық қатыгездік пен тұрмыстық зорлық-зомбылықты отбасы мүшелерінің жеке ісі ретінде қарастыруға болмайды, бұл бағытта отбасы институтындағы адам құқықтарын қорғау және отбасылық қылмыстардың алдын алу жөніндегі әлеуметтік шаралардың кешенді жүйесі қалыптасқаны дұрыс!» - деп іс-шараны қорытындылады. Сондықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты қоғамдағы өзекті мәселені алдын алып, осыған байланысты іс-шаралар жүргізудің маңызы зор!

АЛЬМИРА ЖАБАЕВА,
Армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетов
атындағы әскери колледждің ТЖИЖ
бөлімінің бас маманы

ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІН АВТОМАТТАНДЫРУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ БАҒЫТЫН ДӘЙЕКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ. ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛЫМЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫП, «САРБАЗ+» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ, СОНДАЙ-АҚ ЦИФРЛЫҚ ӘСКЕРИ КОМИССАРИАТ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ.

Бәрімізге аян, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 8 қыркүйектегі «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: цифрлық трансформация арқылы өзекті мәселелерді шешу» атты Жолдауында жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану, барлық салаға цифрлық трансформацияны енгізу жайында айтқан еді.

Президент атап өткендей, жасанды интеллект пен цифрландыру ел экономикасын ілгерілететін қозғаушы күшке, басқару сапасын арттыратын құралға әрі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сенімді тетігіне айналуға тиіс. Осы орайда Қорғаныс саласында әлемдік үрдіске сәйкес жасанды интеллект технологияларын армия қызметіне интеграциялау жаңғырту жолындағы маңызды істер атқарып келеді. Мәселен, алғашқылардың бірі ретінде Қорғаныс министрлігі арнайы Жасанды интеллект (ЖИ) бөлімшені құру жөнінде бастама көтерді. Бұл қадам ел армиясының цифрлық трансформация жолындағы маңызды кезеңі саналады.

Жаңа бөлімнің мақсаты ауқымды деректерді өңдеу және талдау – әскери шешім қабылдаудағы дәлдікті арттыру; автоматтандырылған басқару жүйелерін дамыту – әскери операциялар кезіндегі уақыт үнемділігі мен тиімділікті қамтамасыз ету; болжамдық жүйелерді енгізу – ықтимал қауіп-қатерлерді алдын ала анықтап, жедел әрекет ету; қорғаныс инфрақұрылымын нығайту – заманауи технологияларды қолданып, тұрақтылық пен қауіпсіздікті күшейту. Бұл ретте жаңа құрылым отандық IT-компаниялармен, университеттермен

және ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз әріптестік орнатуды көздеп отыр. Жасанды интеллектті енгізу жөніндегі бөлімшені құру кадрлық әлеуетті дамытуға бағытталған. Осыған сәйкес, қазіргі заманғы алгоритмдермен және жүйелермен жұмыс істеуге қабілетті офицер-талдаушылар мен цифрлық технологиялар саласындағы мамандарды даярлау қолға алынып жатыр.

Әлемнің бірқатар жетекші мемлекеттері қазірдің өзінде жасанды интеллектке негізделген әскери бөлімдерді дамытып отыр. Мұндай құрылымдар әскери барлау, киберқауіпсіздік, дрондық жүйелерді басқару және логистика саласында кеңінен қолданылады.

Қазақстан армиясында жасанды интеллект технологияларын енгізу мен дамытуға жауапты мамандандырылған бөлімшенің құрылуы осы бағыттағы ғаламдық үрдіспен үндесіп тұр.

Қазақстан армиясында жаңа Жасанды интеллект басқармасының құрылуы – елдің әскери әлеуетін арттырып қана қоймай, ұлттық қауіпсіздік жүйесін заман талабына сай жетілдіруге бағытталған. Бұл бөлімнің жұмысы алдағы жылдары нақты жобалар арқылы айқындалып, армияның заманауи бейнесін қалыптастыруға үлес қоспақ.

Сонымен бірге, Қазақстанда ақпараттық қауіпсіздікті нығайту бағытында жұмыс та жалғасып жатыр. Биылғы жылы елдің Қарулы күштері қызметтік мәліметтерді жіберу үшін отандық Aitu мессенджерді қолданып жатқанынан хабардармыз. Оған құрылым жылдың соңына дейін кезең-кезеңмен көшуді ұйғарып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен қабылданған бұл шешім шетелдік платформаларды пайдаланған кездегі тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

Отандық мессенджерге қошу – мемлекеттік құрылымдарда, оның ішінде қорғаныс саласында да қызметтік ақпаратты қорғау деңгейін арттыру бойынша негізгі қадамдардың бірі. Бұған дейін деректерді жіберу үшін көбінесе шетелдік мессенджерлер қолданылып келген. Бұл өз кезегінде қауіпсіздікке белгілі бір қатер төндіруі мүмкін еді. Бұл ретте армияның ұйымдық-штаттық құрылымы мен қолданыстағы байланыс арналары ескеріледі. Мұндай тәсіл қызметтік процесті бұзбай, жүйелі әрі

сценарийлерін модельдеуге мүмкіндік береді.

Әскердегі жаңа технологиялар: «Армия KZ» ақпараттық қызметі қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр.

Жасанды интеллектті енгізу нәтижесінде ARMIA ақпараттық қызметінде жүзеге асырылатын чатбот форматында сұрақтарға жауап беретін ЖИ агенті жасалды.

Инновациялардың бірі – «Тыңдайтын мемлекет» қағидаты бойынша ел азаматтарымен өзара әрекеттесуді жақсарту. Қызметті Ұлттық қорғаныс университетінің ғылыми взводында міндетті әскери қызметін өтеп жатқан IT білімі бар сарбаздар әзірледі.



біртіндеп интеграцияны қамтамасыз етеді.

Жаңа мессенджер кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қолданылатын болады. Оның ішінде жедел ақпарат алмасудан бастап, жиналыстар өткізу мен іс-қимылдарды үйлестіру шаралары да бар.

Қазіргі заманғы әскери басқарудағы жасанды интеллекттің (ЖИ), үлкен деректерді өңдеу технологияларының және автоматтандырудың рөлі үнемі артып келеді.

Бұл шешімдер жоспарлау процестерін оңтайландырып қана қоймай, сонымен қатар тез өзгеретін жауынгерлік жағдайларда басқару, болжау және шешім қабылдау тиімділігін түбегейлі жақсартады.

ЖИ үлкен деректер жиынтығын жоғары жылдамдықпен және дәлдікпен талдауға, жасырын тәуелділіктерді анықтауға және болашақ даму

Жоба мобильді қосымша ретінде жүзеге асырылады және веб-сайты да бар. Қазір жасанды интеллектті пайдаланатын басқа жобалар зерттеліп, зерделенуде. Оларды биыл пилоттық режимде сынақтан өткізілмек. Сондай-ақ биылғы жылдың соңына дейін әрбір әскери бөлімде жергілікті желі құрылысын аяқтау, ал барлық әскери оқу орындарында оқу үдерісін толық цифрландыруды және жасанды интеллектті оқыту курстарын білім беру бағдарламаларына, әскери медицинаға да енгізу жоспарда бар іс. Қорғаныс министрлігі әскери салаға жасанды интеллект мен 3D-модельдеуді кеңінен қолдану қажеттігін де көздеп отыр.

Қорғаныс министрлігінің алдында цифрлық шешімдерді, жасанды интеллект технологияларын, автономды басқару жүйелерін кеңінен енгізу, сондай-ақ ұлттық қорғаныстың киберқұрамдасын дамыту міндеті тұр.





Майор Нұрбол ШАЛАБАЕВ:

ӘСКЕРИ ӨМІРДІҢ ШЫНАЙЫ ШЕЖІРЕСІ

«Сарбаз» газеті – әскери қызметкерлердің рухани серігі, еліміздің Қарулы Күштеріндегі жаңалықтар мен жетістіктердің жаршысы.

Газетті оқи отырып, еліміздің түкпір-түкпіріндегі әскери бөлімдерде атқарылып жатқан игі істермен танысамыз. Бұл – бір жағынан тәрбие құралы, екінші жағынан – мотивация көзі. «Сарбаз» – бұл шынайы әскери өмірдің айнасы, тәртіп пен тәрбие туралы терең ой қозғайтын басылым. Әр нөмірі – ел қорғап жүрген ерлердің өмірінен сыр шертетін тірі шежіре іспетті. Газеттің беттерінен тек жаңалық емес, ұлттық рух пен елге деген адалдықты да сезіне аласың. Бұл – бізге қажет баспасөз!»



Майор Жеңісбек БАЛАБЕК:

ОҚЫРМАНДЫ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің имиджін көтеру мақсатында жарық көріп келе жатқан «Сарбаз» газеті – бүгінгі таңда өзіндік тұрақты оқырманы бар, аудиториясы көлемді, еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары ішінен дараланып, өзгелерден ерекшеленген белді де беделді басылымдардың бірі әрі бірегейі. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығатын басылым көптеген танымдық, қызықты да пайдалы ақпараттарға толы.

Сөзімді бастамас бұрын ең алдымен осы салада еңбек етіп, тер төгіп, төл әскерімізді жаһандық және Қарулы Күштері жаңалықтармен уақытылы хабардар етіп отырған редакция алқасына өз ризашылығымды білдіргім келеді. Осынау ғылым мен технология дамыған заманда, алдарынан кездескен түрлі кедергілерге қарамастан аталған ұжым өздерінің өміршеңдігін, қажеттілігін сәт сайын сөз бен емес нақты іспен дәлелдеп келе жатыр десем артық айтпаған болармын...

Өзімнің сөзімді осы әскери қызметімнің басталған сәтінен бастар болсам, осыдан тура он төрт жыл бұрын мектеп табалдырығын аяқтап, үлкен өмірге аяқ басқан мені арманым Алматы қаласындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтына жетелеп алып келді. Мен сияқты ауылдың кара домалағы үшін Алматыдай үлкен мегаполис пен қатар әскери өмірдің тыныс-тіршілігі таңсық болатын. Теледидардан қарап көргенім, түрлі республикалық басылым беттерінен оқығаным болмаса мүлде бейтаныс ортаға тап болдым. Дәл осы шақта мен үшін бөлек бір дүниенің, еліміздегі белді де беделді басылымның, нақтырақ айтсақ, «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналының аясына тап болдым. Оған бірден бір себепші менің осы басылым беттеріне бет бұруға себепші болған шығармашылық жолымдағы ұстазым, бүгінде әскери зейнеткерлікке шыққан Аида Бектұрова болатын. Өзімді тануға, тұлға болып қалыптасу жолындағы ақыл кеңесін айтып, баспа ісіне үйретіп, мені осы «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналының тұрақты оқырманы етіп тәрбиеледі десем артық айтқаным емес. Ол кезде Құрлық әскерлерінің әскери институтының I курс курсанта болатынмын. Алғашқы мақалам «Сарбаз» газеті бетінде жарыққа шыққан сәтте қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мен сияқты қарапайым ауыл баласы үшін үлкен бір жетістік. Өз аты-жөнімді еліміздегі белді басылым беттерінен көрген кезде кеудемді мақтаныш сезімі баурады. Командирлерімнің (бастықтарымның) күнделікті оқу-жаттығу барысын, институт қабырғанысының тыныс-тіршілігін еңбектерімде жазып, оларды басылым беттеріне шығарып жүрдім. Тыңдаушы ретінде бастаған ісім бүгінде офицер ретінде өзімнің саламда лайықты бағасын алып келеді. Осылайша «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы беттерінде мақала жазу барысында өзіме беймәлім ақпараттарды тереңінен танысуға мүмкіндік алдым. Бұл өз кезегінде адамның құлшынысын ашып, ары қарай мақсатты түрде тың ақпараттарды зерделеуге мүмкіндік беретініне көзім жетті.

Әскеріміздің қатарындағы офицерлерден бастап, қатардағы сарбаздарға дейінгі барлық буынды ақпарат нәрімен сусындатып, көптеген әскери қызметшілердің жетістіктерін жариялай білген «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы ұжымының тәрбие ісіндегі алар орны ерекше. Бүгінгі таңда «Сарбаз» газеті жаңа форматта пішіні өзгергенмен, ішіндегі тың ақпараттың маңыздылығы оқырмандары арасында лайықты орын тауып келеді. Ерекше атап өтетін айдардың бірі – «Сарбаз сәлемі» айдары. Бұл айдар Қарулы Күштердегі мыңдаған сарбаздардың тілегін, ата-анасына, туыс-туғандарына, достарына, туған жеріне деген сағынышын хат арқылы жеткізе отырып, сарбаздарымыздың әскери қызметтерін өткеру жолында Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқаруға, кез-келген жауынгерлік тапсырманы асқан жауапкершілікпен орындауға және әскери антқа адал болуға міндеттейді. Бұл өз кезегінде әрбір сарбаздың жүрегіне жол тауып, өне бойындағы намысын оятып, рухы мығым болып қалыптасуға көмектесуші факторлардың бірі болып табылады. Тәні сау сарбаздың, рухы да сау болу керектігін ескеретін болсақ, осы айдардың көмегі біздер үшін ұшан-теңіз деп айтқым келеді.

«Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы ұжымының осындай қажырлы да табынды еңбектеріңіз Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің тарапынан лайықты түрде бағасын алып жатыр. Алдағы уақытта өсіп, өркендеп, көптеген жаңа айдарларды өмірге алып келеді деген сеніммен Сіздердің еңбектеріңізге толағай табыстар тілей отырып, баршаңызды Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Күршім ауылындағы 31767 «В» әскери бөлімінің әскери қызметшілері атынан бір кісідей «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналына 2026 жылға жазылуға шақырамыз.

ҚР ҚК ӘКК Әуе шабуылына
қарсы қорғаныс әскерлері



III дәрежелі капитан Фархат ИГИСІНОВ:

САРДАР САНАСЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Ақпараттың ағыны тасып тұрған мына заманда ел мен жер тағдырын арқалаған сарбаздар мен сардарларға рухани демеу болатын, елдік сана мен патриоттық тәрбиені қатар ұштастыратын басылымдар ауадай қажет. Осындай мазмұнды да мағыналы, әскери өмірдің айнасындай ақпарат көзі – «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы.

Бұл басылымдар – әскери қызметтің шынайы келбетін, ел алдындағы абыройлы міндеттің салмағын, сарбаздың серті мен сардардың жауапкершілігін сөзбен сомдап, оқырман жүрегіне жол тауып жүрген бірегей рухани құрал.

«Айбын» журналы – мен үшін сардар рухының жаршысы. Бұл басылымда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін, намыс пен тәртіпті, ерлік пен елдік мұраттарын арқау еткен терең дүниелер жарияланып тұрады. Журналдың беттерінде әр офицер өз бейнесін көріп, өз орнын сезінеді. Ол – болашақ офицерлерге бағыт беретін жолбасшы, ертеңгі ел қорғаны боламын деген жастарға рух сыйлайтын алаң. Қазіргі буынға тәрбие беруде бұл журналдың орны ерек. Ай сайын асыға күтетін басылымның әр беті – жүрекке жететін ой мен сөзге толы. Бұл – білім мен рухты тоғыстырған қазына.



Аға лейтенант Ажар ИСКАКОВА:

БАСПАСӨЗ ТАРИХТА ҚАЛАДЫ

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «...Адамға көз, құлақ, тіл қаншалықты керек болса, халыққа да газет соншалықты керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керек, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді» деп түйіндейді.

Осыдан-ақ қоғамның тыныс-тіршілігінде мерзімді басылымның алатын орны ерекше екенін ұғынуға болады.

Біздің салада қорғанысымызды күйттеп, қуатымызды арттырып, тыныс-тіршілігімізді көрсетіп жүрген бұқаралық ақпарат құралдары бар. Ол, әрине, «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы. Төл армиямызбен бірге жасап келе жатқан бұл басылымдар талайларды дәріптеді, талай жаңалықты хабардар етті, талай дүниені ұсынды. Кешегі даңқты қолбасшылары, бүгінгі батырларды, қазіргі күнгі үздіктерді дәріптей отыра, жас сарбаздардың үлгі алуына мұрындық болып жүр. Бір сөзбен айтқанда, әскери өмірдің айнасы. Әскерді білгің келсе, осы басылымды оқы. Әскери болғың келсе, осы баспасөзден тоқы. Ал, әскери болып, өзінді танытқың келсе, ортада үздік бол. Өйткені, «Сарбаз» газеті – үздіктерді ең алғаш боп жариялайтын ақпарат құралы. Әркім өз жетістігін көріп, бір маркайып қалады. Кейін ол тарих боп қатталып қалады. Сондықтан, Қарулы Күштеріміздің жаршысы болып жүрген «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы редакциясының ұжымын барынша қолдап, баспасөзге жазылуға бір кісідей жұмылайық.

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ДЕБАТ ПЕН ТАНЫМДЫҚ ШАРА

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ ЕЛІМІЗДІҢ ТАРИХИ ТАҒДЫРЫН АЙҚЫНДАҒАН МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ. БИЫЛ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ БОЛЫП САНАЛАТЫН ЕГЕМЕНДІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАНЫНА 35 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫ АЙТУЛЫ ДАТАҒА ОРАЙ САБЫР РАХЫМОВ АТЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖДЕ ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДА ЕЛЖАНДЫЛЫҚ ПЕН ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІРҚАТАР МАЗМҰНДЫ ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Колледжде бірнеше оқу взводтарында Республика күніне арналған дебаттар, ашық сабақтар және патриоттық кездесулер өтті.

2-рота, 3-взвод кураторы Шымырбекова Жадыра Мырзабекқызының жетекшілігімен өткен «My Motherland is Kazakhstan!» тақырыбындағы үш тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) ашық кураторлық сағатта ұландар өздерінің тілдік білімдерін паш етіп қана қоймай, ел тарихы мен болашағы туралы өз ой-пікірлерін ортаға салды. Сабақ барысында туған жерге деген сүйіспеншілік, мемлекеттік тілге құрмет және ұлттық бірлік тақырыптары кеңінен қамтылды.

Сондай-ақ, 2-рота, 2-взвод кураторы Қозбағарова Бақытгүл Мүсірқұлқызы мен взвод командирі, III сыныпты сержант Маханбетов Нұрман Пернебайұлының ұйымдастыруымен өткен «Менің

Қазақстаным!» атты тарихи-танымдық ашық сабақта ұландар белсенділік танытып, зияткерлік ойындарда білім мен тапқырлықтарын көрсетті. Жеңімпаздарға шағын сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар, жас сарбаздар өз шығармашылық қабілеттерін әссе арқылы танытып, туған еліне деген жүрекжарды тілектерін тебірене оқыды.

Сабақ соңында взвод ата-аналарының демеушілігімен дайындалған мерекелік креатив күлшелер таратылып, қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйланды.

2-рота, 5-взвод кураторы Асылзат Құдратиллақызы Надирова да ұландармен бірге «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында тарихи-танымдық ашық кураторлық сағат өткізді. Шара барысында ұландар Республика күнімен барша қазақстандықтарды шын жүректен



құттықтап, ел бірлігі мен бейбітшілігі жайлы ойларымен бөлісті.

Өткізілген сабақтар туралы Сабыр Рахымов атындағы әскери колледж бастығының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, подполковник Бағдат Жұманбаев атап өтті:

– Қазақстан Республикасының 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Декларациясына орай бүгін біздің әскери колледжімізде кураторлардың қатысуымен ұландармен бірнеше мазмұнды іс-шаралар өткізілді. Бұл шаралардың басты мақсаты – жас ұландардың бойында егемендік пен тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұғындыру. Дебаттар мен танымдық ойындар

барысында тәрбиеленушілер өз ой-пікірлерін еркін жеткізіп, ел болашағына деген көзқарастарын білдірді. Осындай іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуі – кураторлар мен ұландардың ортақ еңбегінің жемісі», – деді ол.

Әскери колледжде өткен бұл іс-шаралар жас ұрпақтың бойында патриоттық сана мен мемлекетке адалдық рухын қалыптастыруға, елдік құндылықтарды дәріптеуге және азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталды.

**Шымкент гарнизонының
баспасөз қызметі**



САРБАЗДАРДЫ ШЫҒАРЫП САЛУ САЛТАНАТЫ

АБАЙ ГАРНИЗОНЫНДАҒЫ 28738 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫН АБЫРОЙМЕН ӨТЕГЕН САРБАЗДАРДЫ ШЫҒАРЫП САЛУ САЛТАНАТТЫ ЖИЫНЫ ӨТТІ. ШАРА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНҰРАНЫМЕН БАСТАЛЫП, САРБАЗДАРДЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ТҮМЕН ҚОШТАСУЫМЕН ЖАЛҒАСТЫ. БҮЛ – ӘРБІР ЖАУЫНГЕР ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ ӘРІ ТОЛҒАНЫСТЫ СӨТ.

Салтанатты жиынға әскери бөлім командирі, полковник Абылай Шілдебаев қатысып, өз құттықтау сөзін арнады. Ол сарбаздарға алғысын білдіріп, азаматтық өмірлерінде табыс тіледі.

— Сіздер әскери борыштарыңызды абыроймен атқарып, нағыз ер-азамат ретінде қалыптастыңыздар. Енді алған тәжірибелеріңізді бейбіт өмірде де қолдана біліңіздер. Еліміздің тыныштығы



мен қауіпсіздігі сіздердің де үлестеріңізбен қамтамасыз етілуде, – деді.

Әскери бөлімнің жеке құрамы сап түзеп, әскери тәртіптің үлгісін көрсетті. Шара барысында борышын өтеген сарбаздар да сөз алып, алғыстарын білдірді.

— Бізге патриоттық рухты сіңіріп, шын мәнінде ер-азамат ретінде қалыптастыруға үлес қосқан командирлерімізге және барша әскери қызметкерлерге алғысымыз шексіз. Бұл жерде өткізген әр күніміз біз үшін үлкен мектеп болды, – деді ефрейтор Аслан

Әділбекұлы.

Салтанатты рәсім соңында сарбаздарға естелік сыйлықтар табысталып, болашақ өмірлеріне сәттілік тілеген ақ тілектер айтылды.

Осылайша, ел қорғаған ерлер өз борыштарын орындап, туған жерлеріне оралды. Олардың әрқайсысы Отан алдындағы парызын өтеп, нағыз ерлік пен тәртіптің үлгісін көрсетті.

**Абай өңірлік гарнизонының
баспасөз қызметі**

12 САРБАЗ БІЛІМ ГРАНТЫНА ИЕ БОЛДЫ

ҚАРАҒАНДЫДА ӨУЕ ҚОРҒАНЫСЫ ЖӘНЕ ӨУЕ ШАБУЙЛЫНА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС КҮШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІНЕН МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН САРБАЗДАРДЫҢ ЗАПАСҚА ШЫҒУЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРАЛАР ӨТТІ. БИЫЛ 250-ДЕН АСТАМ САРБАЗ ӨЗ ӘСКЕРИ БОРЫШЫН АДАЛ ЖӘНЕ АБЫРОЙЛЫ ОРЫНДАП, ҚЫЗМЕТІН ТӘМAMДАДЫ.



Салтанатты жағдайда, командирлер мен әріптестердің қатысуымен, алғыс хаттар мен жоғары оқу орындарында тегін білім алу сертификаттарын табыс ету рәсімі өтті. Қызметте үздік көрсеткіштері,

жоғары тәртіп деңгейі және әскери міндеттерін үлгілі орындағаны үшін 12 әскери қызметкер Қорғаныс министрлігінен білім гранттарына ие болды. Өуе шабуылына қарсы қорғаныс әскери бөлімінде бес сарбаз сертификатты бөлім командирінен алды, ал Өуе қорғаныс күштерінің бөлімінде – жеті әскери қызметкер.

- Әскери қызметке шақырылған сәттен бастап, бұл менің басты мақсатым болды. Сол себепті бүкіл жыл бойы атыс, физикалық және мемлекеттік-құқықтық дайындық бойынша үздік нәтиже көрсетуге тырыстым. Командирлерге көмектескендері үшін алғыс айтамын және Қорғаныс министрлігіне осындай мүмкіндік бергені үшін ризамын, деді - сертификат иегері, сарбаз - Ярослав



Серяков.

Грант иегерлерінің арасында өз болашағын әскери салаға арнауды шешкендер де бар. Сарбаз Руслан Жорабаев бала кезінен әскери қызметкер болуды армандағанын және енді Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына түсуге жоспарлап отырғанын айтты.

- Қызметтің әр күні менің арнымды одан әрі күшейтті. Оның үлкен жауапкершілік екенін түсіне отырып,

күн сайын дайындалдым, сынақтардан сәтті өттім және енді әскери мансапта келесі қадамға көшемін, – дейді қатардағы жауынгер Руслан Жорабаев.

Қорғаныс министрлігінің осындай бастамалары жастардың білімге деген ұмтылысын қолдап қана қоймай, қызметті жоғары деңгейде атқаруға ынталандырады. Алынған гранттар кеше ғана әскери қызметтен шыққан сарбаздарға кәсіби және жеке дамуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

САРБАЗДАР ҮЙЛЕРІНЕ ОРАЛДЫ


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІНЕ ҚАРАСТЫ «АСТАНА» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 06708 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫ ЗАПАСҚА ШЫҒАРЫЛДЫ.

Өткен жылдың күзінде әскер қатарына шақырылған 29 сарбаз бір жыл бойы Отан алдындағы азаматтық борыштарын абыроймен атқарып, туған үйлеріне оралды. Бір жыл ішінде олар әскери дайындық, физикалық және әскери тәртіп бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп, өздерінің борышын адал орындады. Сарбаздарды вокзалда олардың туыстары, достары және әскери қызметкерлер салтанатты түрде қарсы алды. Келген әр сарбазға алғыс білдіріліп, оларға жаңа өмір жолында



сәттілік тіледі. Бұл кездесулер мерейлі сәттерге толы болып, қызметкерлер мен олардың отбасылары үшін есте қаларлық сәттерге айналды. Жас сарбаздар бір жылдық әскери қызмет барысында тек өз Отанын қорғауды ғана емес, сонымен қатар жауапкершілік, тәртіп және достық сияқты құндылықтарды да меңгерді. Запасқа шыққан әрбір әскери қызметкердің болашағы жарқын, ал алған

тәжірибесі өмір бойы пайдалы болатыны сөзсіз. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жас азаматтарды тәрбиелеуде және олардың кәсіби дамуына жағдай жасауда маңызды рөл атқарып келеді. Мұндай салтанатты шаралар жас сарбаздардың Отан алдындағы борышын бағалап, олардың еңбегін дәріптеуге арналған.



ӨЗ АЙМАҒЫНА ҚЫЗМЕТКЕ 35 ЖАС САРБАЗ АТТАНДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ЖИЫН ПУНКТИНДЕ МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУГЕ ШАҚЫРЫЛҒАН ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРЫП САЛУ САЛТАНАТТЫ РӘСІМІ ӨТТІ. ЖАС ТОЛЫҚТЫРУ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН 30217 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТТЕН ӨТЕДІ.

Іс-шара жергілікті әскери басқару органдарының өкілдері мен әскерге шақырылушылардың туыстарының

қатысуымен салтанатты түрде өтті. Жас жауынгерлерге өздерінің әскери борышын лайықты орындап, Отанының игілігі үшін

абыроймен қызмет атқарулары тіелді.

Қазіргі уақытта қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде әскери қызмет өткеру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылдануда. Өз аймағында қызмет өткеруге мүмкіндік беру әскерге шақырылушылардың моральдық-психологиялық жағдайын нығайтуға және бейімделуіне ықпал етеді.

- Әскер - батылдық мектебі. Бұл Отанға адал қызмет етудің, жауапкершіліктің,

тәртіп пен бірліктің үлгісі. Біз сіздерге сенеміз, – деді Абай облысы қорғаныс істері департаменті бастығының орынбасары подполковник Қанат Шәріпханов.

Іс-шара соңында әскерге шақырылушыларға әскери борышын лайықты орындауға тілектер беріліп, естелік ретінде суретке түсті.

**Абай өңірлік гарнизонының
баспасөз қызметі**



«ЖАСҰЛАН» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ОЙЫНЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕБІНДЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА «ЖАСҰЛАН» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ. ІС-ШАРА РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН АРТТЫРУ МЕН ӘСКЕРИ ДАҒДЫЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛДЫ.



Жарысқа облыстың әр өңірінен келген 9 команда құрамында 81 оқушы қатысты. Қатысушылар өздерінің физикалық дайындығы мен тәртіпке бағыну

қабілеттерін көрсетіп, топтық рух пен патриоттық сезімді ұштастырды. Әсіресе, командалық бірлік пен шапшаңдық шешуші рөл атқарды.

Сайыс бағдарламасына қаруды уақытқа шашып-жинау, саптық дайындық, белтемірге тартылу (ұлдар арасында) және денені жартылай көтеріп-түсіру (қыздар арасында) сияқты кезеңдер енгізілді.

Жарыс қорытындысы бойынша: бірінші орынды Талдықорған қаласының командасы, екінші орынды Көксу ауданының командасы, ал үшінші орынды Текелі қаласының командасы жеңіп алды. Жеңімпаз командалар келесі жылы өтетін республикалық кезеңге жолдама алды.

Жас ұрпақтың бойында патриоттық рухты қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз. Мұндай жарыстар олардың бойына жауапкершілік пен тәртіпті сіңіреді, – дейді жарыс ұйымдастырушылары.

Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар мен көрермендерге



ерекше әсер сыйлады. Бұл – болашақ сарбаздардың алғашқы қадамы.

Жетісу гарнизонының
баспасөз қызметі



БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА



50-ден астам 7-8 сынып оқушылары әскерде қызметтің қалай өтетінін, әскери

ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ №8 АРНАЙЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРЫ 44803 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНЕ ҚАРАСТЫ ЗЕНИТТІК-ЗЫМЫРАН ДИВИЗИОНЫН АРАЛАП КӨРДІ. ЭКСКУРСИЯ ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІ МЕН ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ АЯСЫНДА ӨТТІ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ТАРАПЫНАН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ОТЫРАДЫ.

техника мен сарбаздардың тұрмысын өз көздерімен көріп, танысу мүмкіндігіне ие болды. Мектеп оқушыларының ерекше қызығушылығын ЗУ-23-2 зениттік қару орнатуы тудырды. Әскери



қызметшілердің жетекшілігімен балалар оны көруге мүмкіндік алды. Экскурсия барысында оқушылар казармаға кіріп, каска, бронежилет пен газ маскасын киіп көрді, қару-жарақ пен жабдықтың қалай сақталатынын және қызмет көрсетілетінін білді. Сонымен қатар, мектеп оқушылары спорт залында сарбаздардың жаттығуын көріп, әскери қызметшілер өз қолдарымен жасаған диорамаларды тамашалады.

Біз мұндай экскурсияларды үнемі өткізуге тырысамыз. Бұл оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді, әскери қызметке құрметпен қарауға тәрбиелейді және патриоттық сезімін қалыптастырады, – деді 44803 әскери

бөлімінің әскери қызметкері, кіші сержант - Нұрдаулет Құлан.

Экскурсия оқушыларға көптеген жағымды эмоциялар мен есте қаларлық әсерлер қалдырды. Көптеген оқушылар үшін бұл әскер өмірімен алғаш танысу болды, ал кейбіреулері болашақта өз өмірін Отанға қызмет етуге арнауды мақсат етті.

Мұнда өте қызықты болды, көп жаңа нәрсе білдік. Ең қатты ұнағаны – зениттік орнатуды өзіміз қолдана алуымыз және нақты қарумен танысуымыз, – деп өз ойымен бөлісті мектеп оқушысы Михаил Бобышев.



Республикалық
әскери-құқықтық газет



Республиканская
военно-правовая газета
Издается
ТОО «ГИС Әскери медиа»

Бас редактор
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Тілшілер:

Нариман ДЮСЕНОВ
Рима ӘБЕУОВА
Бақытгуль АБАЙҚЫЗЫ
Марат ЖҮНІС-БЕК

Корректорлар:

Сымбат НҰРХАЙДАРОВА
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Дизайнер:

Адил ШЕРИМБЕТОВ

Газета «Әскери заңгер»
общественного объединения
«Альянс военных юристов»
зарегистрирована 10 ноября 2016 года в
Министерстве информации и коммуникаций
Республики Казахстан
Свидетельство № 16213-Г.



Мнения авторов не всегда
выражают точку
зрения редакции. Рукописи и фотографии не
рецензируются и не возвращаются.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Цена договорная.

Адрес редакции: РК, 010000, г Алматы,
Бостандыкский район,
улица Жарокова, дом 210 Б, офис 213

Тел/факс: 8(7172)25-21-63
E-mail: info@sarbaz.kz
Газета издается в типографии
АО «Алматы-Болашак», г. Алматы,
ул. С. Муканова, 223-Б.

Объем - 8 полос, Офсетная печать

Индекс 64687
Тираж 145
Номер заказа №11